**Ректору КазНУ имени аль-Фараби
д.ф.-м.н., профессору
КОЖАМКУЛОВУ Т.А**

**ПРЕДСТАВЛЕНИЕ**

**В соответствии с законами Республики Казахстан: "О труде в Республике Казахстан" от 10 декабря 1999 г. № 493-1, "Об образовании" от 7 июня 1999 года № 389-1, о внесении изменения и дополнения в Закон Республики Казахстан "Об образовании" от 9 июля 2004 г. № 597, Указа Президента Республики Казахстан "О предоставлении особого статуса отдельным государственным высшим учебным заведениям" от 5 июля 2001 г. № 648, приказом Министерства образования и науки Республики Казахстан от 18 ноября 2004 г. № 949 об утверждении "Правил конкурсного замещения должностей педагогического (профессорско-преподавательского состава) персонала высших учебных заведений", Устава университета и на основании "Положения о порядке конкурсного замещения должностей профессорско-преподавательского состава КазНУ им. Аль-Фараби" на 2007-2008 учебный год прошу Вашего разрешения на объявление конкурса на следующие вакантные должности (в единицах):**

## ПО БИОЛОГИЧЕСКОМУ ФАКУЛЬТЕТУ – 40

*1. Кафедра биотехнологии, биохимии и физ.растений:*
- профессор – 2
- доцент – 5
- ст.преподаватель - 1

*2. Кафедра генетики и молекулярной биологии:*
- доцент – 1
- преподаватель – 2

*3. Кафедра физиологии человека и животных и биофизики:*
- доцент – 1
- ст.преподаватель – 3
- преподаватель - 2

*4. Кафедра микробиологии:*
- профессор – 1
- доцент – 2
- ст.преподаватель - 4
- преподаватель – 3

*5. Кафедра зоологии и ихтиологии:*
- профессор – 2
- доцент – 3
- ст.преподаватель – 1
- преподаватель - 1

*6. Кафедра гистологии и цитологии:*
- профессор –1
- доцент –3
- ст.преподаватель - 1

*7. Кафедра экологии и почвоведения:*
- преподаватель –1

## ПО ГЕОГРАФИЧЕСКОМУ ФАКУЛЬТЕТУ – 22

*1. Кафедра гидрологии суши:*
- ст. преподаватель – 2
- преподаватель – 3

*2. Кафедра геоморфологии и картографии:*
- профессор – 1
- доцент – 3
- ст.преподаватель – 2
- преподаватель - 2

*3. Кафедра метеорологии:*
*- доцент – 2*

*4. Кафедра туризма:*
- доцент - 3
- ст.преподаватель – 3
- преподаватель –1

## ПО МЕХАНИКО-МЕТЕМАТИЧЕСКОМУ ФАКУЛЬТЕТУ - 51

*1. Кафедра функциональнного анализа и ТВ:*
- профессор - 1
- доцент – 1
- ст.преподаватель - 1
- преподаватель – 1

*2. Кафедра дифференц. уравнений и математической физики:*
- доцент – 1

*3. Кафедра механики:*
- профессор – 2
- доцент – 3
- преподаватель - 1

*4. Кафедра теории управления:*
- доцент – 3

*5. Кафедра информационных систем:*
- профессор – 2
- доцент – 5

*6. Кафедра информатики:*
- профессор – 1
- доцент – 6
- ст.преподаватель – 5
- преподаватель –3

*7. Кафедра вычислительной математики:*
- доцент – 2
- ст.преподаватель – 3

*9. Кафедра компьютерной и вычислительной технологии:*
- доцент – 3
- ст.преподаватель – 3
- преподаватель – 4

## ПО ФИЗИЧЕСКОМУ ФАКУЛЬТЕТУ - 31

*1. Кафедра теоретической физики:*
- профессор – 3
- доцент - 2

*2. Кафедра теплофизики:*
- профессор – 4
- доцент – 3

*3. Кафедра физики твердого тела:*
- профессор – 2
- доцент – 4
- ст.преподаватель - 1

*4. Кафедра оптики и физики плазмы:*
- профессор – 2
- доцент – 2
- ст.преподаватель – 1

*5. Кафедра ядерной физики:*
- профессор – 3

*6. Кафедра электроники и нелинейных волновых процессов:*
- доцент – 2
- ст.преподаватель – 2

## ПО ХИМИЧЕСКОМУ ФАКУЛЬТЕТУ - 38

*1. Кафедра органической химии и химии природных соединений:*
- профессор – 2
- доцент – 5
- ст.преподаватель –1

*2. Кафедра аналитической химии и химии редких металлов:*
- доцент – 1
- ст.преподаватель – 1

*3. Кафедра физической химии и электрохимии:*
- доцент – 2
- ст.преподаватель – 1
- преподаватель - 2

*4. Кафедра общей химии и химической экологии:*
- профессор - 1
- доцент – 1

*5. Кафедра катализа, коллоидной химии и нефтехимии:*
- профессор - 1
- доцент – 3
- преподаватель – 3

*6. Кафедра химической физики и ВМС:*
- доцент – 3
- ст.преподаватель - 2
- преподаватель – 2

*7. Кафедра неорганической химии:*
- профессор – 2
- доцент –4
- ст.преподаватель –1

## ПО ФАКУЛЬТЕТУ ЖУРНАЛИСТИКИ – 11

*1. Кафедра телевизионной и радиожурналистики:*
- доцент – 1

*2. Кафедра периодической печати:*
- зав.кафедрой –1
- ст.преподаватель –1

*3. Кафедра международной журналистики:*
- доцент – 2
- ст.преподаватель – 3
- преподаватель – 1

*4. Кафедра издательского дела и редактирования:*
- доцент – 1
- ст.преподаватель – 1

## ПО ФАКУЛЬТЕТУ ВОСТОКОВЕДЕНИЯ - 29

*1. Кафедра арабистики:*
- зав.кафедрой – 1
- доцент – 1
- ст.преподаватель - 1
- преподаватель – 1

*2. Кафедра японоведения:*
- ст.преподаватель – 3
- преподаватель – 1

*3. Кафедра иранистики и индологии:*
- преподаватель – 1

*4. Кафедра китаеведения:*
- зав.кафедрой – 1
- доцент - 1
- ст.преподаватель – 4
- преподаватель – 4

*5. Кафедра корееведения:*
- профессор – 1
- доцент - 1
- ст.преподаватель – 2
- преподаватель – 6

## ПО ИСТОРИЧЕСКОМУ ФАКУЛЬТЕТУ - 2

*1. Кафедра археологии и этнологии:*
- доцент – 1
- ст.преподаватель - 1

## ПО ФАКУЛЬТЕТУ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ - 49

*1. Кафедра международных отношений и внешней политики:*
- профессор - 8
- доцент – 16
- ст.преподаватель – 5
- преподаватель – 5

*2. Кафедра международного права:*
- доцент – 2
- ст.преподаватель – 4
- преподаватель – 5

*3. Кафедра иностранных языков:*
- доцент – 1
- ст.преподаватель – 1

*4. Кафедра современных восточных языков:*
- ст.преподаватель – 1
- преподаватель – 1

## ПО ФАКУЛЬТЕТУ ФИЛОСОФИИ И ПОЛИТОЛОГИИ - 48

*1. Кафедра философии и методологии науки:*
- доцент – 3

*2. Кафедра социологии:*
- профессор – 6
- доцент – 6
- ст.преподаватель – 3
- преподаватель – 6

*3. Кафедра общей психологии:*
- зав.кафедрой - 1
- доцент – 1
- ст.преподаватель – 1
- преподаватель – 2

*4. Кафедра этнопсихологии и пед.психологии:*
- профессор – 1
- доцент - 3

*5. Кафедра политологии:*
- профессор – 2
- доцент – 7
- ст.преподаватель – 3
- преподаватель –3

## ПО ФИЛОЛОГИЧЕСКОМУ ФАКУЛЬТЕТУ - 6

*1. Кафедра казахской литературы:*
- доцент – 2
- ст.преподаватель – 1

*2. Кафедра теории литературы и фольклористики*
- доцент - 1
- ст.преподаватель –1

*3. Кафедра теории художественного перевода и литературного творчества:*
- доцент – 1

## ПО ЮРИДИЧЕСКОМУ ФАКУЛЬТЕТУ - 35

*1. Кафедра судебной власти и уголовного процесса:*
- доцент – 1
- ст. преподаватель – 1
- преподаватель - 2

*2. Кафедра трудового права и гражданского процесса:*
- доцент – 2
- ст.преподаватель – 2
- преподавтель - 2

*3. Кафедра природноресурсового и экологического права:*
- доцент – 2
- ст. преподаватель – 3
- преподаватель - 5

*4. Кафедра гражданского и предпринимательского права:*
- ст.преподаватель – 1
- преподаватель – 1

*5. Кафедра уголовного права и криминологии:*
- доцент – 3
- ст.преподаватель – 2
- преподаватель - 1

*6. Кафедра криминалистики и судебной экспертизы:*
- доцент – 1
- ст.преподаватель - 4

*8. Кафедра инвестиционного и финансового права:*
- доцент – 1
- ст.преподаватель – 1

## ПО ФАКУЛЬТЕТУ ЭКОНОМИКИ И БИЗНЕСА - 39

*1. Кафедра менеджмента и бизнеса:*
- доцент – 2

*2. Кафедра маркетинга и коммерции:*
- доцент – 1

*3. Кафедра финансы:*
- профессор – 4
- доцент – 4
- ст.преподаватель – 13
- преподаватель – 5

*6. Кафедра учета и аудита:*
- профессор – 1
- доцент – 3
- ст.преподаватель – 4
- преподаватель –2

## ПО ОБЩЕУНИВЕРСИТЕТСКИМ КАФЕДРАМ - 24

*1. 1-я гуманитарная кафедра иностранных языков:*
- доцент – 1
- ст.преподаватель –3

*2. Кафедра общей и этнической педагогики:*
- доцент – 1
- ст.преподаватель – 1
- преподаватель – 6

*3. Кафедра физического воспитания и спорта:*
- доцент – 2
- ст.преподаватель – 10

**Всего: 425 вакантных единиц**

**Основание: заявки заведующих кафедрами и деканов факультетов.**

**Начальник отдела кадров
М.С. НУРГАЗИН**

**Согласовано:**
**Проректор
Ж.Д. ДАДЕБАЕВ**
**Начальник УМУ
Н.А. АСАНОВ**
**Начальник ФЭО
С.С.ЕЛЕМЕСОВА**

■ Діл

# ҰЛТТЫҚ КИІМНІҢ ҰПАЙЫ ТЕҢ БЕ?

***Қазақ "Ағаш көркі жапырақ, адам көркі шүберек" дейді. Осындайда әр қазақтың көркіне көрік қосқан ұлттық киімі есіңе оралады. Себебі, әлемдік аренада қазақтың жарасымды шапаны мен тымағы, бүрмелі көйлегі мен бөрігі бәсекеге қай қырынан алып қараса да төтеп бере алады. Бірақ, бұл құр сөз. Себебі, күнделікті өмірде Фариза апамыз: "Заман жаңа, түр жаңа, киім жаңа, кінәлама ерсі деп мұнымды ана" деп жырлағандай, "ақжемденіп жыртылғалы тұрған" шалбарлыларға, құрақ-құрақ көйлектілерге көзің үйренгелі қашан.***

"Іштен шыққан шұбар жыланын" тоғыз ай толғанып, он ай көтерген анамыз кешіреді-ау, ал ұлт деген ұлы анамыздың алдында не деп ақталар екенбіз? Осындайда бір оқиға есіме орала береді. Бүгінде айырылмастай дос болған джинсыларға кеңес кезінде колхоз бастығы , есепшісі секілді мықтылардың балаларының ғана қолдары жеткен екен. Сондай "бақыттыны" көріп, бір апамыз: "Осының әкесінің байлығын не қылайын, баласы өмірі алқам-салқам болып, киімге жарымай жүреді",- депті. Шіркін, көреген қарттар-ай.

Тәуелсіздігімізді алып, көзімізді ашып, жан-жағымызға қарасақ, шетел жұмысшысына арналған киімінің өзін әлем мойындайтын сәнге айналдырыпты. Басқалар қарап қалсын ба? Аспан асты елі жібек көйлегін заманға сай икемдеп шығарып жатыр. Жапондар кимоносын келістіріп жүр. Арабтар ұлттық киімі хиджабын әрбір мұсылман қызының үстінен көргісі келеді. Шотландықтар да қалар емес. Әлемдік жұлдыз ер-азаматтарының өзі шотландық юбканы арланбай киіп, керісінше сол арқылы сәнқой екендерін тағы бір дәлелдегендей басылым беттерінен түсер емес. Мұндай бәсекелестіктен қазақ жігіттері қалсын ба? Олар бірден құлақтарына сақина салдырып, керемет заманауи күй кешуде. Ал қыздарымыз болса, ислам дініне ешбір қайшылығы жоқ, ұлттық бастаудан сусындай алмай, өзгелердің ұлттық киімін мұсылмандықтың белгісі ретінде қабылдап жүр. Бірақ, осы жайттарды тізбелеп, қоғам тарапынан қазақ ұлттық киіміне сұраныс жоқ деу қате болар еді. Себебі, шындығына келгенде ұсыныс жоқ. Сондықтан да қос анамыздан кешірім сұрап жүрген жайымыз бар.



Не де болса, бүгінде ұлттың тамағы тоқ, көйлегі көк болғаны жеткіліксіз. Қазақ елі азаматының киімі ыңғайлы, сәнді болуымен қатар түймесі қазақша тіл қатып, оюы "Ор теке" биін билеп, бұлынан жусанның иісі аңқып, әлемге алаш деп айқайлап тұрғаны ләзім. Әлде қазақтың киімі мылқау матаның құрамасы емес екенін білмейтін бе едік? Бүлдіршінге үкілі тақия кидіріп, бөріктіні бойжеткен деп таныған, келіннің сәукелесін бір үйір жылқыға бағалап, арындай аппақ жаулығынан сәбилі болғанын, күмбездей кимешегінен үбірлі-шүбірлі ана екенін танитын едік қой. Шапанына қарап ел-жұртын, атақ-даңқын, кәрі-жасын ажыратпайтын ба едік? Бұл жерде мәселе өткенді толығымен көшіріп алу емес, керісінше кешегінің бүгінгі жалғастығын табуда. Осындайда таяқтың ұшы бүгінгі дизайнер, модельерлерге тиетіні айдан-анық. Сауалдар да шаш-етектен. Неге қазақ ұлттық киімдері сахна шеңберінен шыға алмай жүр? "Сымбаттың" жұлдыздарды ғана сымбатты қылып, "Еркенұрдың" халық еркелерін ғана нұрға бөлеген ұлттық киімдерінің қызығын қарапайым халықтың көре алмайтынына қынжыласың. Осындайда, қымбат қайталанбас бір-екі туынды шығарумен ғана шектелмей, қарапайым халықтың қолы жететін, подиум үшін емес, күнделікті өмірге қажетті киім-кешек жайында неге ойланбаймыз? Неге ертеңгі болашағымыз мектеп оқушыларының киім үлгілерін жасағанда немқұрайлылық танытып, үлкен жауапкершілікпен, ұлттық нақышпен қаруланбаймыз? Мүмкін әдетімізше шетелдік мамандарды тыңдайтын шығармыз? Жуырда келіп-кеткен Ресей сән әлеміндегі орнын айтып жатудың өзі артық болатын Зайцев та: "Ұлттық ерекшелік іздеп келім едім, еліктеу басым" деп өкініп еді ғой? Ал біздің жылайтындай жағдайымыз бар. Бірақ "жылаған балаға емшек бермейді" дегенді ұстанып, жанарымыз жасқа толғаннан көп нәрсе өзгере қоймас. Бұл жерде бірігіп жоба іздеу керек. Бәлкім, Қазақстандық киім өндірісін дамытудың бағдарламасын қабылдармыз. Онда ұлттық киімді, ұлттық нақыштағы киім үлгілерін шығаратын кәсіпорындар арасында байқау өткізіп, тендер жарияланса, республикалық, облыстық деңгейдегі мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдары байқау жүлдегерлерінің өнімдерін тегін жарнамаласа, мектеп оқушыларының киім үлгілерін заманға сай қазақы етіп шығуын мемлекет тарапынан қатаң қадағаласа, бәлкім, ұлттық киімнің ұпайы түгенделер ме еді?

Кезінде жібекке қызығып, барын бағаламай, тері мен жүннен жасалған бұйымдардан қол үзіп қалған ғұндар Қытай патшалары тартқан тегін сыйдың сұрауы барын соңынан түсініп, сан ұрып қапты. Ал бүгінде мәселе экономикалық тәуелсіздікте ғана емес, мәселе ұлттың өзін-өзі тануында. Әйтпесе, әрбір ою-өрнегі, пішіні мен түр-түсі әлемдік брэндқа сұранып тұрған мол халықтық байлықты пайдаланбауды қалайша түсіндірерміз?

**Жанар ЕЛДОСҚЫЗЫ**
**журналистика факультетінің**
**3-курс студенті**

■ Кафедра

## ҚҰНДЫ ДҮНИЕЛЕРДІ ОҚЫҒАННАН КЕЙІНГІ ОЙЛАР...

Белгілі ғалым, қоғам қайраткері, профессор Әділ Ахметовтың "Азия – Берингия – Америка немесе америкалық «үндістердің» азиялық тегі" атты ғылыми еңбегін оқу барысында көптеген танымдық-ғылыми ойлар келтірілгеніне көзім жетті. Сол ойларды оқырмандармен бөліссем деп едім. Аталған терең мазмұнды еңбекте байырғы америкалықтардың («үндістердің») азиялық тегі жайлы антропологиялық, археологиялық, палеонтологиялық, генетикалық, лингвистикалық, этнолингвистикалық және этнопсихологиялық тұрғыда жан-жақты баяндалған екен. Әйтсе де, бұл еңбектің құндылығы Алтайдан басталған көші Жаңа әлемге жеткен ата-бабамыздың, ұлы даланың қасиетті ерекшелігін ғылыми дәлелмен ұштастырғанында дер едім. Бұл туындыны әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің философия және саясаттану факультеті психология бөліміндегі магистранттардың этнопсихология мәселелеріне қатысты тәрбиелік арнада жүргізілетін өзіндік жұмыстары барысында талқылап, баса назар аударып жүргеніміз де сондықтан.

Себебі, құнды еңбекті оқу және талқылау барысында этнопсихологиялық мағыналы-мәнді мазмұндылықты құрайтын жақтарын ұғына отырып, этнопсихология ғылымы үшін аса құнарлы ой-талдауды қабылдадық. Мысалы «арғы тегі Америкаға Азиядан ауып келген «үндістердің» тотемдік наным-сенімдері мен оған қатысты тыйымдары Азия халықтарының, оның ішінде түркі халықтарына тән тотемдер мен тыйымдарға қатты ұқсайтындығын байқамау мүмкін емес» деген ой-тұжырымдарын автор нақты дәлелмен көрсетеді.

Мемлекеттік жұмысты ғылыммен мәнді ұштастыра білген ғалым-ұстаз Әділ Ахметұлы Америкада қызмет жасай жүріп, терең зерттеулерінің арқасында біздерге осындай құнды дүниені сыйлап отыр. Ал оны пайдамызға асырып, ұлттардың түп-тамыры туралы танымымызды тереңдету ендігі кезекте бүгінгі қауымның, әсіресе, ізденушілердің еншісінде емес пе?!

Осы жерде айта кетерлігі, америкалық «үндістердің» шығу тегі әлі күнге дейін шешуін таппаған антропологиялық және этникалық мәселелердің бірі деген пікір психолог мамандарға да үлкен ой салады, ғылыми зерттеудің гипотезасын тағайындайды. Әрі этнопсихологиялық, этнографиялық фундаменттік зерттеуді талап етеді, терең ойларды, идеяларды қозғайды, ғылыми сара жолдың бастауын ашады.

**С.Қ. БЕРДІБАЕВА**
**этникалық және педагогикалық психология кафедрасының профессоры.**

**РЕДАКЦИЯДАН:**
**Сізді қандай мәселе толғандырады, азамат. Бөлісіңіз келсе, "Кафедра" мінбері сіздікі. ХАБАРЛАСЫҢЫЗ.**

■ Алаштан қалған асыл сөз

**Атауи ШАХЗАМАН**

# ОҚЫТУ ХАҚЫНДА

**Мен анау-мынау сөзді қойып, ойлаған ойымды айта бастайын. Қазақ балалары қара шаруашылықта күн көреміз десе де тап осы күнде бұрынғыдай наданшылықпен күн көру өте қиын.**

Бұрынғы заманда жер еркін болған соң оқудың не екенін білмесе де, малға бай, ет-майға тоқ, көже, қатық, қымыз мол, өздерінің бөтенге мұқтаждары түспеген, бөтендерге қарағанда теңіз бай деп айтуға бұрын жұрт оқымаса да бай болған, бұ күнде оқу неге керек? деген бір сауал ортаға салынар, біз оған жауапты былай береміз. Бұрынғылар кітап бетін қарап оқымаса да өздерінің шаруашылық ғылымын тәжірибелі ағадан інісі, атадан баласы, анадан қызы дегендей бірі-біріне көздеріменен көріп ғылым үйренгендер. Бұл күнде шаруашылықты жұрт осылайша біреу-ден-біреу неге үйрене бермейді? Қара құрымдай болып жүрген төрт түлік малды жаюға шалқып жатқан сары боздың жоқтығы екеніне кім иланбас. Қысқасы жер кетеді, жер кеткен соң мал кетеді, малменен күн көрген қазақ халқына көшпеліліктен шығып отырықшы болу, нақ ескі дүниеден жаңа дүниеге шығу секілді. Мінеки, бұл халға түсініп бірсыпыра қазақтың жастары оқуға аяқ басып, күннен күн талапкерлер артылып тұр. Оқушылар артылған сайын рух көтеріліп алға ұмтылу көрініп тұр...

...Заман тек жататұғын заман емес, қимыл заманы. Дүниеде керек істеріміз көп, бірақ керектің бәрі табылатұғын оқу бабындай артықша керек іс жоқ...Газет-журналдың тіршілігі оқуменен болғандықтан құрметті эфенденің де бұл жолда жан көргізуі мұталап-дұр (Көңіл тілейтұғын іс). Уақыт бұлдыр оны бос өткізудің түбі қылдыр!

**"Айқап", 1911, №5, 9-10 беттер**

# «ЖАСТАРҒА АРТЫЛҒАН ЗОР МІНДЕТ ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК»

**Астанада өткен "Менің Қазақстаным" жастар форумы көптеген жанамын деген жүрекке от бергені мәлім. Қазақстандықтарды ерекше рухқа бөлеген шараның басы-қасында біздің университеттің студенттері жүргені де бәрімізге мақтаныш. Төменде сол жастар форумында болып қайтқан ҚазҰУ-дың экономика факультетінің 2-курс студенті Мейрамгүл Мәдәлінің жолжазбасын ұсынып отырмыз.**



Мемлекеттік рәміздер күні деп жарияланған 4 маусым биыл ел жастары үшін айтулы мерекеге айналғаны сөзсіз. Себебі, дәл осы күні "Менің Қазақстаным" атымен өткен жастар форумы мыңдаған жастың ел ордасы Астанада бас қосып, Елбасымен бірге мемлекеттік рәміздерімізді құрметтеу рәсіміне қатысуына мүмкіндік берді. Игі шараға еліміздің түкпір-түкпірінен 170 жастар ұйымының делегациялары, белгілі жас спортшылар, талантты жас өнер қайраткерлері мен есімдері көпшілікке мәлім жас буынның басқа да өкілдері қатысты.

Елбасымен жүздесу бақыты "Хабар" телеарнасының "Азамат" пікірсайыс бағдарламасы мен "Нұр-Отан" партиясы бірігіп өткізген "Мемлекеттік тілдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру жолдары" тақырыбындағы ақтық сайыстың жеңімпаздары ретінде еліміздің алдыңғы қатарлы білім ордасы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың студенттері Айсәуле және аталған бағдарламаның ұйымдастырушысы Жұлдыз үшеуімізге бұйырды. Форум біз үшін аса қызықты болды. Жаңа таныстар, ескі достармен жүздесу, өзара ой бөлісіп, пікір алмасу, Астананың көрікті орындарын тамашалау – бәрі де ойымыздан шықты. Алдымен, елорданың орталық көшелерімен елімізді? көк байрағын көтеріп, шеру сабында жүрсек, одан соң Отан қорғаушылар алаңындағы "Отан-Ана" ескерткіші маңындағы "Жастар аллеясында" ҚазҰУ студенттері атынан ағаш отырғыздық.

Ал, 4 маусым тіптен, ерекше өтті. Мерекеге сай безендірілген "Қазақстан" спорт кешенінде ине шаншар орын болған жоқ. Мереке барысында мемлекеттік рәміздерімізге қатысты бейнефильм көрсетіліп, патриоттық әндер шырқалды. Біз Елбасын асыға күттік. Өйткені, ол кісінің жанында отырудың тіптен басқаша екенін сезіндік. Елбасы сахнадан орын алған соң еліміздің мемлекеттік Әнұран орындалды. Осыдан кейін мемлекет басшысы жастарға арнап сөз сөйледі. Ал, республикамыздың облыс орталықтары мен ірі қалаларындағы кең форматты экрандар арқылы тікелей эфирден қамтамасыз етілгенін ескерсек, бұл шара жастардың бойында Отанға деген сүйіспеншілік пен мемлекеттік рәміздерге деген құрметті арттыра түскені анық. Форум барысында мемлекеттік Ту мен Елтаңбаның авторлары Шота Уәлиханов пен Шәкен Ниязбеков, сонымен қатар, қазіргі Әнұран авторларының бірі, танымал композитор Шәмші Қалдаяқовтың ұлы Мұхтар Қалдаяқов өз сәлемдемелерін Алматыдан тікелей эфир арқылы жеткізді. Мемлекеттік рәміздердің мәні туралы Президенттік "Болашақ" бағдарламасының шетелде оқып жатқан стипендиаттары әңгімеледі. Олар Қазақстан рәміздерінің әсемдігі мен терең мағыналығын атап көрсетті. Форумға қатысушыларға Байқоңырдан сәлем жолдаған жас ғарышкерлер Мұхтар Аймаханов пен Айдын Айымбетов ғарыштық ірі мемлекеттің жақсы дәстүрлерін жалғастыратындықтары жайлы айтты. Мемлекеттік рәміздердің жауынгер азаматтар үшін қасиеттілігі жайлы Қапшағайда орналасқан 35-ші гвардиялық дербес десанттышабуыл бригадасының сарбаздары әңгімеледі.

Бұл – "Нұр Отан" халықтық-демократиялық партиясының бастамасымен жыл басынан бері өткізіліп жатқан төртінші жастар форумы. Бұған дейін Қазақстанның түкпір-түкпірінен белсенді және ынталы жастардың басын қосқан форумдар Алматы, Тараз және Рудный қалаларында өткен. Ұйымдастырушылар осындай акциялар жастарды еліміздің қоғамдық өміріне араласуға жігерлендіреді деген сенімде. Бұл сенімнің ақталғаны осы форумнан айқын көрініп тұрды. Әсіресе, Елбасымен бірге "Елім менің" әнін орындау сәті үлкен әсерге толы болды. Спорт кешенінде асқақтаған ән бойымызды елімізге деген сүйіспеншілікке толтырып, мақтаныш сезімін тудырды. Жастардың жалынды жігеріне толы кештен асқақ рухтың лебін сездіргендей еді. Біздер, әрбірімізге артылған зор міндет пен жауапкершілік бар екенін ұғындық. "Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та бар қалан," – деп дана Абай айтқан ұлағатты тереңірек ұғынғандай болдық.

**Мейрамгүл МӘДӘЛІ**
***Алматы – Астана -Алматы***

# ПЕРІШТЕ ҮМІТ

Факультетіміздің жас ақындардың бірі санайтын 3курыс студенті Біләл Қуанышұлы 1985- жылы ақын Таңжарықтың таңдайын жібіткен Күнес өзені, елді мекенінде, тарбиелі отбасында дүниеге келеді. Ат жылын тартып мінгеннен бастап өлең – жырға құмар Біләлдің жанына әкесінің тәрбиесі мен аталарынан жалғасқан ақындық өнер дарыса керек. Мектептегі кезінен – ақ қалам тербеген оның "Қазағым" атты өлеңі 2002- жылы "Күйтін" газетінде алғаш оқырман қауыммен жүздеседі.

*Мал басындық тартып дала азабын,*
*Сан ғасырлық айтып дала азабын.*
*Жүрегіңмен біле білгн кеңдікті,*
*Бір өзіңнен айналайын қазағым...*

деп өзінше жырлаған талабы таудай Біләлдің арманы, оны туған елмен – жерге ұшырып әкелді....

Қасиетті қара шаңырақ Қаз ҰУ- не студент болғалы да оның жанынан шығарған өлеңдері де аз еместі. "Қазақ қасіреті", "Салауатты өмір салты", "Қыздар – ай", "Мен және сен", "Қазақпын", "Өлең - махаббат", "Тіл қайғы", қатарлы бір топ өлеңдері "Жас толқын", "Ана тілі" атты гәзет – журналдар мен жинақтарда жарияланып жүр. Сонымен бірге, факультет аралық студенттер жыр мүшайрасында "Талапты ақын" жүлдесін жеңіп алды. , "Періште үміт", "Періште шабыт", "Мен өте бақыттымын", "Ессіз ғашық", "О, Анажан", қатарлы бір қатар соны жырлардың куәсі ретінде мына бір өлеңіне тоқталар болсақ; Студенттік шақтың қызығы мен шыжығы қайғы – қуанышы бүгінде жас ақын жүрегін асау толқындарымен жарып шығып, жан жүрегінің сырларын тек өлеңмен төгіп, шабыттың қайығымен өмір өзеніне сүңгіген оның "Періште үміт" атты өлеңі былай басталады:

*Менде қазір ештеңе жоқ тек өлең,*
*Есік жаққа екі аттамай бөгелем.*
*Мұқаң жыры мұңлы көзбен қарайды,*
*Кітап толы сөреден...*

–деп жырлаған ақын жүрегінің мұңы ұлылар үнімен де ұштасып жатқаны белгілі. Жас жүрегінің тыңдаушысы ретінде жанына балаған оның ғашығы тым алыста болмағанымен, сыңарын іздегіш асау жүрек толқыны аядай тар бөлмеде тек – "шабыт" болып ағытылып осынау жырдың туылуына себепші болғаны хақ.

*Менде қазір ештеңе жоқ жүрек бар,*
*Жүрегімде отқа оранған тілек бар.*
*Күндіз маған күн болып, туып ғашығым,*
*Түнде ай боп түнеп қал...*

– деп келетін өлеңнің үшінші шумағынан әрі қарай отқа оранған , алаулаған арманның жеңісі - өткір сенімнен ғана нәтиже табатындығын айта келіп, тілге жеңіл - жүрекке жылы тиетін сөздердің бір – бірімен ұштаса кетуі, ақын жүрегінің арғы астарын аударып, үлкен үміттің иегері екендігін таныта кететін сияқты. Жас ақынның сондай талантын танытатын өлеңдерінен оқырман қауымына бір азын ұсынуды жөн көрдім. Болашақ ақынның қаламына қару, шалқар шабыт тілеймін!

**Гүлнар ӘЗІКЕНҚЫЗЫ**
**филология факультеті**
**3 курс студенті**

## Поэзия

### МЕН ӨТЕ БАҚЫТТЫМЫН

Мен өте бақыттымын,
Бұл менің сен бар жерде сезінгенім.
Жүрек - ояу, көп түнде көз ілмедім.
Өмірдің сары уайым салмағына.
Көңілдің көктігімен түзудемін.

Мен өте бақыттымын,
Кеш келседе жаныма
күткен жарым,
Елемеймін қайғының
тіптен бәрін,
Жүзіңнен ешкімде жоқ күлкі көрем,
Үніңнен үзіліп бір біткенде әнің.

Мен өте бақыттымын,
Құтылмадым демеші әлегіңнен,
Жақсылыққа ұмтылған
жан едім мен,
Бақыт тапсам табамын
сенен ғана.
Ажал құшсам құшамын және
өзіңнен.

Мен өте бақыттымын,
Шын сүюге қолымның
жеткені үшін.
Пәк сезімнің ақ қанат кептерісің,
Үкілі хат жеткізер әз анама,
Сен ғанасың керіге кетпе құсым!

Мен өте бақыттымын,
Жолығып періштенің аспағына.
Нағыз қазақ Аруын тапқаныма,
Алып шықсаң алып шық
"Бақ" тауына.
Жіберме әсте қайғының
шатқалына.

Мен бақыттымын,
Күндіз – түні сені ойлап жатқаныма.

*Түсін мені құтқаратын тек қана ,*
*Періште үміт сен барсың.*

### ҚАЗАҚ ҚАСІРЕТІ

***Немесе бас панасыз жүрген байлықтың иелері туралы***

Жері көп қазақ "Жетім бұрышта",
Есеңгіреп жүр, есі дұрыс па?
Бөбектері де бөленбей кетті – ау!
Пәтері тар да, бесігі қысқа.

Қысқалау еді қолымыз біраз,
Оңалып қалдық, онымыз рас.
Алайда қазақ армансыз азды,
Ойымыз – орыс, жолымыз – лас!

Тәуелсіз қазақ егеменді елміз,
Жетімдік көрер не деген елміз.
Кеудесін керіп келімсектер жүр,
Сері әкімдерге сене береміз.

Аңсағанымыз азаттық еді,
Қолға да тиді қазақтың жері.
Қадырын үйдің қалада мынау,
Қаңғырып жүрген қазақ біледі.

Баспана болса қара көздердің,
Қалада жақсы-ау қала бергені.
Тілі мен ділін сақтаған жандар,
Байлықпен нағыз барабар еді.

### ПЕРІШТЕ ҮМІТ

Менде қазір ештеңе жоқ тек өлең,
Есік жаққа екі аттамай бөгелем.
Мұқаң жыры мұңлы көзбен қарайды.
Кітап толы сөреден.

Менде қазір ештеңе жоқ тек шабыт,
Желге мінген жебе жырлар жетті анық.
Шіркін мені ғашығыма қосып ап,
Көк аспанға кетсе алып.

Менде қазір ештеңе жоқ жүрек бар,
Жүрегімде отқа оранған тілек бар.
Күндіз маған күн болып,
туып ғашығым,
Түнде ай боп түнеп қал.

Менде қазір ештеңе жоқ үміт бар,
Айтарыңды айтып жүрек, тынып қал.
Сендегі мұң мендегі мұң екенін,
Періште қыз ұғып қал.

Менде қазір ештеңе жоқ немді алсын,
Жанымды көк, Тәнімді алып,
жер қалсын
Түсін мені құтқаратын тек қана ,
Періште үміт сен барсың.



■ Международный отношение

# Презентация Ассамблеи Народа Казахстана в Болгарии и Греции

***"Наша сила - в единстве", таков своеобразный лозунг Республики Казахстан, который в полной мере проявился в процессе презентации Ассамблеи Народа Казахстана в Болгарии и Греции, проходившей с 21 по 27 мая 2007 года. Мне, студентке КазНУ имени аль-Фараби 2 курса факультета Международных отношений, выпал уникальный шанс принять участие в этом грандиозном проекте. Уникальным данный шанс можно считать лишь по тому, что Председателем Ассамблеи Народа Казахстана является Нурсултан Абишевич Назарбаев и эта поездка осуществлялась именно по его поручению. Цель поездки заключалась в обмене опытом, как в нашей стране, где проживают представители более, чем 120 различных национальностей, все живут в мире и согласии.***

Данную делегацию возглавлял заместитель Председателя Ассамблеи Народа Казахстана – Алиев Жуматай Алиевич, так же в её состав входили: вице-министр культуры, депутаты Мажилиса Парламента и главы различных диаспор, проживающих в нашей стране. Соответственно эти люди отвечали за официальную часть презентации. Они участвовали во встречах с представителями Болгарии и Греции, проводили всевозможные круглые столы и пресс-конференции, презентовали фильмы про Республику Казахстан и книги, изданные за небольшой период независимости страны, но содержащие наиценнейший материал нашего пути развития.

Так как осенью прошлого года я представляла Республику Казахстан на международном конкурсе красоты "Мисс Мира 2006" и попала там в топ-20, то для меня данная поездка была очень ответственна. Вместе с девушками с модельного агентства San Bell, мы демонстрировали казахские национальные костюмы, отражающие богатейший этнокалорит. Так же в концертной программе принимали участие казахстанские артисты, например, такие как Народный артист Республики Казахстан Лаки Кисого, Мурат Ахмадиев, Жанна Орынбасарова и множество других.

В обеих странах нас встречали дипломатические миссии РК в Софии и Афинах, которые во главе с послами организовали очень тёплый приём, провели экскурсии, встречи с нашими соотечественниками, проживающими за рубежом, так что мы чувствовали себя практически, как дома.

Конечно же, за всем ходом поездки следили представители средств массовой информации, журналисты телеканалов "Хабар" и "Казахстан", которым предстояло осветить результаты официальной презентации Ассамблеи Народа Казахстана в Болгарии и Греции. Я, со своей стороны, получила огромнейшее удовольствие от происходящего и считаю, что такие поездки способствуют ещё большему поднятию международного авторитета Республики Казахстан и углубляют сотрудничество с мировым сообществом в целом.

**Сабина ЧУКАЕВА,**
**факультета международных отношений, 2-курс**

■ ҚазҰУ қыраны



## Рысқұл Ұлан Ғалымұлы

**Туған жылы:** 1986.09.21
**Туған жері:** Алматы облысы, Балқаш ауданы, Бақанас ауылы
**Білімі:** әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті заң факультетінің 3-курс студенті

**Жетістіктері:**

2000 жыл – Антальяда (Түркия) өткен Әлем кубогы (3-орын)
2002 жыл – Бүкіләлемдік ТМД мен Балтық елдерінің жасөспірімдер додасы (3-орын)
2003 жыл – үлкендер арасындағы Қазақстан чемпионаты (3-орын), ҚР ұлттық құрамсының мүшесі,
2004 жыл – жастар арасында Қазақстан чемпионы, жастар арасындағы Қазақстан Спартакиадасының чемпионы, Біріккен Араб Әміліктерінде ( Катар, Доха) өткен жастар арасындағы Азия чемпионаты (2-орын),
2005 жыл – жастар арасында Қазақстан чемпионы Тайпейде өткен Азия ойындарының 3-орын жүлдегері(Қытай),
ТМД, Балтық елдері мен Ресей аймақтары арасындағы жастар ойындарының 1-орын иегері(Мәскеу)
2006 жыл – үлкендер арасындағы Қазақстан чемпионы (Қызылорда),
Бакуда (Әзірбайжан) өткен Әлем кубогы
2007 жыл – қазақша күрестен «Қазақстан түйе палуаны», Өскеменде өткен студенттер Универсиадасының 1-орын иегері (дзю до),
Алматыда өткен студенттер Универсиадасы 1-орын иегері (самбо)
2-ші жазғы Қазақстан Спартакиадасы 100-ден жоғары салмақта 2-орын, ҚР жастар арасында 3 дүркін чемпионы (дзю-до)

**Жаттықтырушысы:** Жылқыбаев Самат Сәбитұлы
**Жоспарлары:** Пекинде өтетін Олимпиада ойындарына үміткер, қыркүйек айында Бразилияда өтетін Әлем чемпионатына дайындық үстінде
**Отбасылық жағдайы:** үйленбеген
**Қызығушылығы:** бильярд, футбол, баскетбол.

■ ҚазҰУ қызғалдағы

■ Фотоэтюд

*Той болып дүрілдеген.*
*Қызығың көп алда.*
*Бір жүрек дірілдеген,*
*Күтеді көгалда.*

Қадыр МЫРЗА-ӘЛІ

МАМЫРЖАННЫҢ фотосы



**Кәмила ТӘЖІМҰРАТҚЫЗЫ,**
*журналистика факультетінің 4 курс студенті*


**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

**АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

Т.Ә. ҚОЖАМҚҰЛОВ – *ректор;*
Н. ОМАШҰЛЫ – *проректор;*
Б.Ө. ЖАҚЫП – *декан;*
М.Т. МҰҚАШЕВА – *"Парасат" кәсіподағының төрайымы;*
А.А. ШВЫДКО – *ақпараттық-сараптамалық бөлімнің бастығы;*
F.СЕРІМ – *студенттердің "Сұңқар" кәсіподағының төрағасы.*

*Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлік берілген.*

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

*Бас редактор* – **Дәрмен СМАЙЫЛ;**
*Жауапты хатшы* – **Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА;**
*Бөлім меңгерушілері* – **Ақерке АЛПАРОВА, Жанар ЕЛДОСҚЫЗЫ;**
*Көркемдеуші-беттеуші* – **Талғат АХМЕТҚАЗЫҰЛЫ;**
*Фототілші* – **МАМЫРЖАН;**

**МЕКЕН-ЖАЙЫ:**

480078, Алматы, Әл-Фараби даңғылы,71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 47-29-29, ішкі: 11-94, тікелей: 47-05-67.

*Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. "Полиграфсервис" баспаханасында (Жандосов көшесі, 55) басылды.*

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы- 1500 дана.
Көлемі 2 б.т.
Индексі 65989.
Тапсырыс № 179

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- "Қазақ университетіне" жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.